



## Әділет органдары туралы

### Мұрағаттық версия

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы N 304 Заңы  
МАЗМҰНЫ

#### 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

##### 1-бап. Қазақстан Республикасы әділет органдарының мәртебесі

Қазақстан Республикасының әділет органдары (бұдан әрі - әділет органдары), өз қызыреті шегінде мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау жасайтын, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы билік органдары болып табылады.

##### 2-бап. Әділет органдары қызметінің құқықтық негізі

Әділет органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары құрайды.

##### 3-бап. Әділет органдарының міндеттері

Әділет органдарының міндеттері:

1) жалпымемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға қатысу, заң жобасы жұмысын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заң сараптамасын жүргізу арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін, Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің тұрақты және қарышты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыруға қатысу;

2) Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау және Республиканың дүниежүзілік қоғамдастықтағы беделін нығайту мақсатында, соның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын дайындау мен жасасу жолымен оның халықаралық аренадағы қызметін құқықтық жағынан қамтамасыз ету;

3) заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, жылжымалы мүліктің жекелеген түрлерінің кепілдерін, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік есебін жүргізуді және оларға бақылау жасауды жүзеге асыру;

4) құқықтық көмекті және заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету;

5) сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру;

6) қылмыстық жазаларды атқару, Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесінде құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету;

6-1) сотталғандардың түзелуін ұйымдастыру;

6-2) сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесіндегі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;

7) санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

8) алып тасталды

9) әділет органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асыру және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңға сәйкес іс жүргізу;

9-1) Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттар құжаттамалауды және беруді жүзеге асыру;

9-2) азаматтарды есепке алуды және тіркеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асыру;

10) өздеріне Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

*Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

#### **4-бап. Әділет органдары қызметінің принциптері**

1. Әділет органдарының қызметі:

- 1) заңдылық;
- 2) қорғалу құқығын қамтамасыз ету, баршаның заң алдындағы теңдігі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау;
- 3) жариялылық, құқық қорғау органдарымен және басқа да мемлекеттік органдармен, өзге де ұйымдармен және лауазымды адамдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 4) саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тәуелсіз болу;
- 5) гуманизм, демократия, қылмыстық жаза атқарудың жіктелуі мен дербестендірілуі, қылмыстық жазаны түзету ықпалымен ұштастыру;
- 6) әділет органдары жүйесінің біртұтастығы принциптеріне негізделеді.

#### **2-тарау. ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

##### **5-бап. Әділет органдарының жүйесі**

1. Әділет органдарының біртұтас жүйесі:

1) мыналарды:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігін;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің комитеттерін; P080710

аумақтық әділет органдары мен мекемелерін;

қылмыстық-атқару жүйесінің органдарын қамтитын әділет органдарынан;

2) мекемелерден және өзге де бағынысты ұйымдардан құралады.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды Әділет министрлігі, ал заңдарда көзделген жағдайларда - Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

3. Әділет органдарының құрылымын, штат санын, материалдық-техникалық қамтамасыз етілу жағдайларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиттері және республикалық бюджетте әділет органдарын ұстауға көзделген қаражат шегінде Қазақстан Республикасының Әділет министрі белгілейді.

*Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 Заңымен.*

##### **6-бап. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі**

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін, Республика Премьер-Министрінің ұсынуымен Республика Президенті құратын, қайта ұйымдастыратын және тарататын орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Әділет министрлігін Республиканың Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады.

*Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.04.29. N 154-IV Заңымен.*

## **7-бап. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өкілеттіктері**

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрі (бұдан әрі - Министр) әділет органдарының жұмысына басшылық етуді жүзеге асырады және әділет органдарына жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады.

2. Министр:

1) Әділет министрлігінің қызметкерлерін, ведомство басшыларының орынбасарларын, облыстық, Астана және Алматы қалаларының әділет бөлімшелері мен Министрлікке бағынысты ұйымдардың басшыларын, сондай-ақ олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) мемлекеттік органдардың мемлекеттік тіркелуге тиіс, бірақ одан өтпеген нормативтік құқықтық актілерін жарамсыз деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінеді;

3) әділет органдары орындауға міндетті актілер, сондай-ақ өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар орындауға міндетті актілер шығарады;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Министрліктен өкілдік етеді;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнаулы атақтар береді;

6) өзіне осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **8-бап. Аумақтық әділет органдары**

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, аудандар мен қалалардың әділет бөлімшелері аумақтық әділет органдары болып табылады.

2. Аумақтық әділет органдарында әділет органдарына жүктелген функциялардың орындалуын қамтамасыз ететін тиісті құрылымдық бөлімшелер құрылады.

*Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 Заңымен.*

## **9-бап. Әділет жүйесінің ұйымдары**

Әділет министрлігіне жүктелген міндеттерді шешу және функцияларды қамтамасыз ету үшін Министрлік жанында мекемелер, оқу орындары және басқа да ұйымдар жұмыс істейді.

## **10-бап. Әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі**

Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі - қылмыстық-атқару жүйесі) - қылмыстық жазаның атқарылуын және тергеу изоляторларында сезіктілер мен айыпталушылардың күзетпен ұсталуын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы және өкімші функцияларды жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың жүйесі.

Қылмыстық-атқару жүйесінің өз туы мен нышаны болады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің туы мен нышанының сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді .

*Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

## **11-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымы**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымын:

1) уәкілетті орган (орталық атқарушы органның ведомствосы);

2) қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органдары ;

3) қылмыстық жазаларды атқаратын мекемелер мен органдар :

қылмыстық-атқару инспекциялары;

түзеу мекемелері;

4) тергеу изоляторлары;  
5) ғылыми-зерттеу, емдеу-профилактика ұйымдары мен білім беру ұйымдары;  
6) қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы өндірістік қызметті жүзеге асыруға және сотталғандарды еңбекке тартуға арналған ұйымдар мен олардың құрылымдық бөлімшелері;

7) оңалту орталықтары - мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға олар босатылғаннан кейін алты ай ішінде еңбекке және тұрмыстық орналастыруда жәрдемдесуге, құқықтық және психологиялық көмек көрсетуге арналған қылмыстық-атқару жүйесінің ұйымдары құрайды.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мекемелері әкімшіліктерінің және олардың лауазымды адамдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заң актілерімен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

*Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 Заңымен.*

**12-бап. Әділет органдарының мемлекеттік органдармен,  
ұйымдармен және лауазымды адамдармен  
өзара іс-қимылы**

1. Әділет органдары өздеріне жүктелген міндеттерді шешу кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен, оның ішінде құқық қорғау және бақылау органдарымен, сондай-ақ лауазымды адамдармен өзара іс-қимыл жасап отырады.

2. Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар әділет органдарына функционалдық міндеттерді орындауына және адам мен азаматтың, заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және мемлекеттің мүдделерін қорғауына жәрдемдесуге міндетті.

3. Әділет органдарының шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, оның ішінде әділет органдарымен ынтымақтастығы халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

4. Жергілікті атқарушы органдар қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган құрады.

Консультативтік-кеңесші органның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін типтік ережемен регламенттеледі.

*Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 Заңымен.*

**12-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде  
ұсталатын адамдардың құқықтары мен заңды  
мүдделерінің қамтамасыз етілуін қоғамдық  
бақылау**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қамтамасыз етілуін қоғамдық бақылауды (бұдан әрі - қоғамдық бақылау) қоғамдық байқау комиссияларының мүшелері Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Қоғамдық байқау комиссиялары қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшіліктерінің қызметіне:

1) сезіктілердің, айыпталушылар мен сотталғандардың ұсталу жағдайын және оларды медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді жақсарту;

2) сотталғандардың еңбегін, бос уақытын, оларды оқытуды ұйымдастыруға қатысу;

3) сотталғандарға оларды босатуға дайындауда, тұрғын үй-тұрмыстық жайластыру, жұмысқа орналастыру, медициналық қызмет көрсету және әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік-психологиялық оңалту және бейімдеу мәселелерін шешуде көмек көрсету мақсатында жәрдемдесуге құқылы.

3. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің әкімшіліктері қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қоғамдық бақылау іс-шараларын жүзеге асырған кезде оларға жәрдемдеседі.

4. Қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің әкімшіліктеріне не қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органына аталған мекемелердің қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар жіберуге құқылы.

*Ескерту. 12-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 Заңымен.*

### **13-бап. Әділет органдарының актілері**

1. Осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген жағдайларда Әділет министрі өз құзыреті шегінде әділет органдары қызметінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік тіркелуге тиісті бұйрықтар шығарады, сондай-ақ ұсыныстар енгізеді.

2. Әділет министрлігі ведомстволарының және аумақтық органдарының басшылары өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады және ұсыныстар енгізеді.

3. Әділет органдарының өз құзыреті шегінде қабылдаған және заңдарда көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеуден өткен актілерін Қазақстан Республикасы ұйымдары, лауазымды адамдары мен азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар орындауға міндетті.

### **14-бап. Әділет органдарының ұсынысы**

1. Әділет органдары:

1) мемлекеттік органдардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиісті, бірақ одан өтпеген нормативтік құқықтық актілеріне қатысты;

2) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың олар қолданатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес жариялануы міндетті, бірақ белгіленген тәртіппен жарияланбаған, нормативтік құқықтық актілеріне қатысты;

3) мемлекеттік органдардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиісті, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін нормативтік құқықтық актілеріне қатысты;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда заңның бұзылуын жою туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

2. Ұсыныс тиісті мемлекеттік органға (лауазымды адамға) не жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) енгізіледі.

3. Ұсынысты мемлекеттік орган не жоғары тұрған органның лауазымды адамы бір ай мерзімде қарауға тиіс.

Әділет органдары ұсыныстың қаралуына қатысуға құқылы.

4. Мемлекеттік орган не лауазымды адам жолсыздықты жоюға және қолданылған шаралар туралы әділет органдарына хабарлауға міндетті.

### 3-тарау. ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### 15-бап. Әділет органдарының заң жобасы жұмысын жүргізу, заңдарды жетілдіру саласындағы функциялары

Әділет органдары заң жобасы жұмысын жүргізу, заңдарды жетілдіру саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) заң жобасы жұмысы, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;
- 2) нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заң сараптамасын жасау;
- 3) заң жобалары, сараптама, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және консультацияларды жүзеге асыру үшін, осы мақсаттарға бюджеттік және өзге де қаражаттарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, оның ішінде шет ел мамандары мен сарапшыларын тарту;
- 4) Республика Үкіметі мен Премьер-Министрінің тапсыруымен және өз бастамасы бойынша Үкіметтің нормативтік құқықтық актілеріне ресми түсіндірме беру;
- 5) құқықтық ақпараттандыру, заңдарды жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкін жүргізу, Қазақстанда құқықтық ақпараттың бірыңғай компьютерлік жүйесін жүргізу;
- 6) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың заң саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру.

#### 16-бап. Әділет органдарының халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмекті үйлестіру саласындағы функциялары

Әділет органдары халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмекті үйлестіру саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шет мемлекеттермен құқықтық көмек және құқықтық ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарды дайындау, жасасуды және орындауды ұйымдастыру;
- 2) Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалатын заем шарттарына заң сараптамасын жасау;
- 3) халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің сот тапсырмалары мен өтініштерін орындау;
- 4) Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің заңдарын үйлестіру, бір ізге түсіру, сондай-ақ Қазақстан таныған халықаралық нормаларды Қазақстан Республикасының заңдарына имплементациялау мәселелері бойынша талдау жүргізу;
- 5) санаткерлік меншік құқықтарын өзара қорғау туралы халықаралық шарттарды дайындау мен жасасуға, осындай шарттарға қол қоюға белгіленген тәртіппен қатысу;
- 6) халықаралық шарттардың жобаларына заң сараптамасын жасау.

#### 17-бап. Әділет органдарының сот-сараптама қызметі, анықтау және әкімшілік іс жүргізу саласындағы функциялары

Әділет органдары сот-сараптама қызметі, анықтау және әкімшілік іс жүргізу саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) сот сарапшылары кадрларын іріктеу және орналастыру;
- 2) сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және сот сарапшыларына Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен лицензиялар беру;
- 3) мемлекеттік сот-сараптама ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- 4) сот сараптамасы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру;
- 5) әділет органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асыру;

6) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру;

7) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді заңға сәйкес жүзеге асыру.

*Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.04.15. N 45 Заңымен.*

**18-бап. Әділет органдарының мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру саласындағы функциялары**

Әділет органдары мемлекеттік тіркеу саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, мәслихаттардың, әкімияттардың және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу;

2) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу, сондай-ақ заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімін және филиалдар мен өкілдіктердің тізілімін жүргізу;

3) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттар құжаттамалау, әзірлеу және беру, азаматтарды есепке алу және тіркеу;

4) мемлекеттік органдардың тіркелген нормативтік құқықтық актілерінің тізбесін жалпы жұрттың назарына жеткізу үшін жариялау;

5) жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүліктің құқықтық кадастрын жүргізу, оның кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру және жылжымалы мүлік кепілінің тізілімін жүргізу.

*Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25, 2006.06.05. N 146, 2007.07.26. N 311 Заңдарымен.*

**19-бап. Әділет органдарының құқықтық көмек және заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру, құқықтық насихат салаларындағы функциялары**

1. Әділет органдары құқықтық көмекті ұйымдастыру және заң қызметін көрсету саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік нотариат кадрларын іріктеу, аттестаттау және орналастыру, Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен адвокаттар мен нотариустарға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және тоқтату (олардан айыруды қоспағанда);

2) мемлекеттік нотариат кеңселерінің қызметіне басшылық жасау, жеке нотариаттың дамуына жәрдемдесу, жасалған нотариаттық әрекеттердің заңдылығы мен мемлекеттік және жеке нотариустардың іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылау;

3) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау;

4) азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының қызметін, Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттар құжаттамалау мен беруді қамтамасыз ету;

5) орталық атқарушы органдардың заң қызметінің жұмысын үйлестіру және оған әдістемелік басшылық жасау, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері аппараттарының заң қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау;

6) нотариат кеңселерінің, азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының, адвокатураның жеке және заңды тұлғаларға көрсететін заң қызметінің сапасын бақылау;

7) азаматтық хал актілерін жазу, құжаттамалау органдарының кадрларын аттестаттау, іріктеу және орналастыру, осы органдарға ұйымдастырушылық, әдістемелік басшылық жасау, олардың қызметінде бірыңғай құқық қолдану іс-тәжірибесін қамтамасыз ету;

8) әділет органдарынан және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою.

2. Әділет органдары құқықтық насихат саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) құқықтық насихатты ұйымдастыруды ведомствоаралық үйлестіру, заңдарға түсіндірме беруге қатысу;

2) эталондық заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ақпараттық және анықтамалық-әдістемелік материалдарды шарт негізінде, оның ішінде құқықтық ақпараттың автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып беру;

3) заң әдебиеті, құқықтық насихат проблемалары жөніндегі әдебиет тапсырышысы.

*Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , 2005.04.15. N 45 , 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **20-бап. Әділет органдарының қылмыстық-атқару қызметі саласындағы функциялары**

Қылмыстық-атқару қызметі саласында әділет органдары мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) соттардың сотталғандарға қатысты үкімдерін, қаулылары мен ұйғарымдарын орындау, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазаны өтеудің заңнамада белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) сезіктілер мен айыпталушыларды қарап-ұстау;

3) соттардың үкімдеріне, қаулылары мен ұйғарымдарына сәйкес сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне орналастыруды ұйымдастыру;

4) сотталғандарға түзеу ықпалын, соның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асыруды ұйымдастыру;

5) сотталғандардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің органдарын, сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын күзету;

6-1) қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелеріндегі шұғыл жағдайды бақылау, қызметкерлердің, күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, айдап апару;

7) сотталғандарды босатуға дайындау жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету, рақымшылық және кешірім жасау актілерін атқару, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының сотталғандардың түзелу нәтижелерін нығайту, оларды еңбекке орналастыру және тұрмыстық жайластыру жөнінде басқа да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

8) жедел-іздістіру қызметін және анықтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

9) сотталғандардың жалпы білім алуы мен кәсіби оқуын ұйымдастыру;

10) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын және денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;

11) қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру;



12) қылмыстық-атқару жүйесін дамыту, нығайту мен жетілдіру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

13) қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне тарту;

14) қызметкерлердің кәсіби даярлығын, құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

15) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қылмыстық-атқару қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерін үйлестіру.

*Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 , өзгерту енгізілді - 2008.06.24 N 46-IV (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**21-бап. Әділет органдарының санаткерлік меншік құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы функциялары**

Әділет органдары санаткерлік меншік құқықтарын қамтамасыз ету саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) санаткерлік меншікті қорғау саласындағы заңдардың қолданылу практикасын қорыту, сондай-ақ осы саладағы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) санаткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен басқа да жұмыстарды ұйымдастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;

3) санаткерлік меншік объектілерін қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі халықаралық ынтымақтастық;

4) туындыларды пайдаланушылардың авторлық құқық пен сабақтас құқықтар нормаларын сақтауына және авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы халықаралық шарттардың орындалуына байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу;

5) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқарушы ұйымдардың қызметін бақылау;

6) ресми тізілімдерде авторлық құқықты тіркеу ;

7) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқарушы ұйымдардың және туындылар мен сабақтас құқық объектілерін пайдаланудың тиісті әдістерін пайдаланушылардың арасында жасалған лицензиялық шарттарды тіркеу, мемлекеттік тіркеу куәліктерін беру;

8) туындыларды пайдалану құқықтарының импорты мен экспортын ұйымдастыруға жәрдемдесу;

9) өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына қорғау құжаттарын беруге түскен өтінімдердің тіркелуін қамтамасыз ету;

10) қорғау құжаттарын беруге түскен өтінімдерге сараптама жүргізуді ұйымдастыру, өнеркәсіптік меншік объектілерінің, селекциялық жетістіктердің, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімін жүргізу, қорғау құжаттарын беру және оларды күшінде ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

11) патенттік іс саласындағы сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың қызметін бақылау;

12) өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын пайдалануға арналған лицензиялық шарттардың, ашық лицензиялардың және қорғау құжаттарын басқаға беру шарттарының тіркелуін қамтамасыз ету;

13) *алып тасталды*

14) мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарды аккредиттеу.

*Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N*

13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 179-IV Заңдарымен.

#### **22-бап.**

*Ескерту. 22-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 Заңымен.*

#### **22-1-бап. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы тексерулерді ұйымдастыру тәртібі**

1. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында тексерулер жүргізуді ұйымдастыру осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тексерулер жүргізудің тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңымен реттеледі.

3. Тексерудің түрлері:

жоспарлы - алдыңғы тексерулерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген уақыт аралықтары ескеріліп жүргізілетін әділет органдары алдын-ала жоспарлаған тексеру;

жоспардан тыс - жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылық туралы өтініштер және өзге де ақпараттар, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуымен байланысты, сондай-ақ жоспарлы тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықты жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында әділет органдары жүргізетін тексеру;

рейдтік - зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік

құқықтық актілердің жекелеген талаптарын сақтау мәселелері бойынша бірмезгілде бірнеше кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қамтитын тексеру;

қарсы - тексерілетін субъектінің шарттық міндеттемелері не өзге де құқықтық қатынастары болған жеке немесе заңды тұлғаға қатысты ұсынылған ақпараттың дұрыстығын қайта тексеру не қосымша ақпарат алу мақсатында әділет органдары жоспардан тыс тәртіппен жүргізетін тексеру.

Осы Заңда белгіленбеген өзге де тексеру түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

4. Тексерулер жүргізуге:

1) әділет органдарының уәкілетті лауазымды адамының құқық бұзушылық жасау фактісін тікелей анықтауы;

2) құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан келіп түскен материалдар;

3) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;

4) әділет органдарының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы жұмыс жоспары негіз болып табылады.

5. Уәкілетті лауазымды адам бұзушылықты тікелей оны жасау кезінде анықтаған және дәлелдемелерді бекіту үшін шұғыл іс-әрекеттер жүргізу қажет болған жағдайларда тексеру тағайындау туралы акт құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органға келесі жұмыс күні ішінде табыс етіледі.

*Ескерту. 22-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **23-бап. Әділет органдарының өзге де функциялары**

1. Әділет органдары 15-22-баптарда тізбеленген функциялардан басқа мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) адам мен азаматтың, ұйымдар мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау және қорғау;

2) өздеріне басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ олар құпияландырған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз ету;

3) әділет органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау, қарау және қабылданған шешімдер туралы өтініш жасаушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп пен мерзімде хабарлау;

4) өз қызметі саласында Қазақстан Республикасы заңдарын қолданылу практикасын талдау және қорыту және оларды жетілдіру, Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізу;

5) стратегиялар мен бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелерінде заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету;

7) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік және құқықтық көмек көрсету;

8) зияткерлік меншік саласында Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуы тұрғысында жеке және заңды тұлғаларды тексеруді жүзеге асыру;

9) нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы бойынша нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен жариялауды жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін тексеруді жүзеге асыру.

2. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда әділет органдары сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын белгілейді.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді іске асырады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелерінің негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне соларда ұсталатын күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталғандардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыру кезінде азық-түлік өнімдерін, алғашқы қажеттілік заттарын, киім-кешек, аяқ киім, газеттер, журналдар, әдебиет, дәрі-дәрмектер және қосымша емдік-профилактикалық көмек көрсету үшін медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды қосымша сатып алуға, ұзақ мерзімді кездесулер ұсынуға және қосымша емдеу-профилактикалық қызмет пен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өзге де қызметтер көрсетуге, сондай-ақ күдіктілер мен айыпталушылар үшін қосымша ақылы тұрмыстық қызметтер жасауды ұсынатын жұмыс пен көрсетілетін қызметтер жатады.

*Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

#### **24-бап. Әділет органдары мен олардың лауазымды**

##### **адамдарының құқықтары**

Әділет органдары мен олардың лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде:

1) орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар міндетті түрде орындауға тиісті нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

2) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомствоаралық үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыруға;

3) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

4) орталық мемлекеттік органдарда, сондай-ақ мәслихаттар мен әкімияттарда мемлекеттік тіркелуге тиісті нормативтік құқықтық актілерді тексеруді жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 56-бабында белгіленген тәртіппен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін, сондай-ақ қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін сотқа талап қойып жүгінуге;

6) өздеріне берілген мүлікті басқаруды жүзеге асыруға;

7) лицензиялауды және лицензиаттардың лицензиялық талаптарды сақтауы жөніндегі қызметіне бақылауды жүзеге асыруға;

8) бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

8-1) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсетуге;

9) баспа қызметін жүзеге асыруға;

10) *алып тасталды*

11) *алып тасталды*

12) заңда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасап, істерді қарауға, өз құзыреті шегінде әкімшілік жазалар қолдануға;

13) *алып тасталды*

14) Қазақстан Республикасының заң актілерімен берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

*Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , 2007.01.11. N 218 Заңдарымен.*

#### **24-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері:

1) сотталғанның жеке басының өзіндік-психологиялық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізуге және түзеу ықпалын, соның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістер қолданып жасауға;

2) сотталғандарды түзеу мекемелерінің кәсіпорындарында немесе басқа да ұйымдарда, еңбекке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еңбекке ақы төленбейтін жұмыстарға тартуға;

3) режимдік талаптар белгіленген мекемелер аумағында және оған іргелес аумақтарда тұратын адамдарға, олардың заттарына, көлік құралдарына тексеру жүргізуге, азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеруге, сондай-ақ тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленетін тыйым салынған заттар мен құжаттарды алып қоюға;

4) көлік қозғалысын уақытша шектеуге немесе тоқтатуға, ерекше жағдайлар режимін енгізу кезінде азаматтарды мекеме аумағына, сондай-ақ оған іргелес аумаққа жібермеуге немесе онда қалуға не ол жерден кетуге міндеттеуге;

5) қылмыстық-атқару инспекциясының есебінде тұрған адамдардың жұмыс орны мен оқу орны бойынша оларға байқау мен бақылау жасау мақсатында олар тұратын тұрғын үй-жайларға, оларға тиесілі жер учаскелеріне, кез келген меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік және өзге де үй-жайларына кіруге;

6) есепте тұрған адамдарды қылмыстық-атқару инспекциясына алып келуді жүзеге асыруға;

7) қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жария ету және бас бостандығынан айыру орындарынан, тұтқыннан немесе қамаудан қашып шыққан адамдарды іздестіру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға;

8) қылмыстық-атқару қызметіне байланысты мәселелерді шешу үшін соттарға, прокуратураға және өзге де органдар мен ұйымдарға өтініш жасауға құқылы.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері өз құзыреті шегінде:

1) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдар мен олардың аумағында, сондай-ақ оған іргелес аумақта тұратын азаматтардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға;

2) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардан Қазақстан Республикасының заңдарында және сот үкімінде оларға жүктелген міндеттерді орындауын талап етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды тіркеуді, сондай-ақ оларды дактилоскопиялауды, суретке түсіруді, олардың бейне түсірілімін, дыбыс жазбасын жүзеге асыруға;

4) жүргізілетін тәрбиелеу іс-шараларына сотталғандарды міндетті түрде қатыстыруға;

5) алкогольді ішімдіктерді, уытты, есірткі және өзге де психотроптық құралдарды пайдалану фактілерін анықтау мақсатында қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес куәландыру жүргізуге;

6) әкімшілік немесе қылмыстық заңнаманың күші қолданылуға жататын іс-әрекет жасаған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесіне іргелес аумақта ұстауға және ішкі істер органдарына апаруға, олардың жеке басына тексеру жүргізуге;

7) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға;

8) қылмыстық-атқару жүйесінде төтенше оқиға жағдайларына қызметтік тексеріс жүргізуге, олардың себептерін анықтауға және талдауға, мұндай жағдайларды болғызбау жөнінде шаралар қолдануға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықтауды жүзеге асыруға міндетті.

*Ескерту. 24-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

**24-2-бап. Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың түрлері мен тәртібі**

1. Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды әділет органдары нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялауды жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін тексеруді жүргізу жолымен жүзеге асырады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді жүргізудің тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

3. Тексерудің түрлері:

жоспарлы - алдыңғы тексерулерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген уақыт аралықтары ескеріліп жүргізілетін әділет органдары алдын-ала жоспарлаған тексеру;

жоспардан тыс - нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық туралы өтініштер және өзге де ақпараттар, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуымен байланысты, сондай-ақ жоспарлы тексеру

нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында әділет органдары жүргізетін тексеру.

4. Тексерілетін бір субъектіге қатысты жоспарлы тексеру жылына бір реттен аспайтындай етіп жүргізілуі тиіс.

Әділет органдарының жоспарлы тексерулер жүргізу жөніндегі жұмыс жоспарларын Әділет министрі бекітеді. Жоспарда тексеру жүргізу көзделіп отырған нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялауды жүзеге асыратын тұлғалардың тізбесі және тексеру жүргізудің кезеңі қамтылуға тиіс.

5. Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда әділет органдары әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғайды.

*Ескерту. 24-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **4-тарау. ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫНЫҢ КАДРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

##### **25-бап. Әділет органдарының кадрлары**

Әділет органдарының кадрларын әділет органдарының мемлекеттік қызметшілері болып табылатын қызметкерлері, қылмыстық-атқару жүйесінің осы Заңға сәйкес өзге құқықтық мәртебесі бар қызметкерлері, сондай-ақ еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттелетін өзге де адамдар құрайды.

*Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 , 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.*

##### **25-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің персоналы**

Қылмыстық-атқару жүйесінің персоналын:

- 1) қылмыстық-атқару жүйесінің белгіленген тәртіппен арнаулы атақ берілген қызметкерлері;
- 2) қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілер;
- 3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен және органдарымен еңбек қатынастарында тұратын қылмыстық атқару жүйесінің қызметкерлері құрайды.

*Ескерту. 25-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

##### **25-2-бап. Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке қабылдау**

1. Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке жасы он сегізден кем емес, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене бітімі, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру ұйымдарына оқуға орта білімі бар, денсаулық жағдайы бойынша қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет өткеруге жарамды адамдар қабылданады. Қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдеріндегі оқу уақыты әскери қызмет өткеруге теңестіріледі. Бұл ретте қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру ұйымдарына оқуға түскен адамдармен келісім-шарт жасалады, онда білім беру ұйымын бітіргеннен кейін қылмыстық-атқару жүйесінде қызметті одан әрі өткеру шарттары мен мерзімдері көзделеді.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және кіші басшы құрамдағы лауазымдарына - отыз екі жастан аспаған, орта және аға басшы құрамдағы лауазымдарына қырық жастан аспаған адамдар қабылданады. Жекелеген жағдайларда осы жас шегі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі білім беру ұйымдарының тыңдаушыларын қоса алғанда, қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарына тағайындалған немесе кадрларына қабылданған әскери міндеттілер белгіленген

тәртіппен әскери есептен шығарылады және қылмыстық-атқару жүйесінің арнайы есебінде тұрады.

5. Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке алғаш қабылданған адамдар міндетті түрде бастапқы арнайы оқудан және тағлымдамадан өтеді. Тағлымдамадан өту тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган белгілейді .

6. Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке қабылданған азаматтар ант қабылдайды, оның мәтінін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді .

7. Қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке денсаулық жағдайына байланысты жарамсыз, бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақтауға болмайтын негіздемелер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептермен босатылған адамдар қабылданбайды.

*Ескерту. 25-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

#### **25-3-бап. Қылмыстық-атқару жүйесіндегі қызметтің шекті жасы**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әскери қызметте болу жасының шегіне дейін қызметте бола алады. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің жекелеген санаттарына қызмет мерзімі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің шешімімен ұзартылуы мүмкін.

2. Қызметті ұзарту қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерін осы Заңда және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережеде көзделген негіздемелер бойынша жұмыстан шығару мүмкіндігін жоққа шығармайды.

*Ескерту. 25-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

#### **25-4-бап. Қылмыстық-атқару жүйесіндегі қызметтен босату**

Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкері мына негіздемелер бойынша:

1) зейнеткерлікке құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) немесе әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша;

2) әскери қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде денсаулық жағдайы бойынша;

3) штаттың қысқаруына немесе қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының қайта құрылуына байланысты басқа лауазымға пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда;

4) өз тілегі бойынша;

5) сынақ мерзімі ішінде қызметке жарамсыз болған жағдайда;

6) аттестаттау қорытындылары бойынша қызметке сай келмейтіндігі анықталуына байланысты;

7) қызмет тәртібін ұдайы бұзғаны үшін;

8) беделін түсіретін теріс қылық жасағаны үшін;

9) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгенде немесе ақталуға болмайтын негіздемелер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған кезде;

10) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған жағдайда қызметтен босатылады.

*Ескерту. 25-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

#### **25-5-бап. Қызмет өткеруден бас тартуға байланысты шығындарды өтеу**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерін бітірген қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері қылмыстық-атқару жүйесінде кемінде бес жыл жұмыс істеуге міндетті.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкері Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру ұйымын бітіргеннен кейін қылмыстық-атқару жүйесінде одан әрі қызмет өткеруден бас тартқан не келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, ол өзін оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамақтануға, мүліктік ризыққа жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға жататын сома келісім-шарттың мерзімі аяқталғанға дейін әрбір өткерілмеген толық айға пропорционалды түрде есептеледі.

2. Әскерге шақыру жасына толған және үлгірмеуі, тәртіпсіздігі бойынша, сондай-ақ өз қалауы бойынша оқудан шығарылған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінің курсанттары (тыңдаушылары), егер олар оқу орнына түскенге дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген болса, арнайы есептен шығару үшін тұрғылықты жеріндегі әскери басқару органдарына жіберіледі. Олар өздерін оқыту кезеңінде стипендия төлеуге, тамақтануға, мүліктік ризыққа жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға жататын сома білім беру ұйымында болған әрбір толық айға пропорционалды түрде есептеледі.

*Ескерту. 25-5-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 Заңымен.*

#### **26-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің құқықтық жағдайы**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мемлекеттік биліктің өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерінің заңды талаптары лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті.

3. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерінің заңды талаптарын орындамау, оны балағаттау, қарсылық көрсету, күшпен қорқыту немесе оның қызметтік борышын орындауына байланысты қызметкердің немесе жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және мүлкіне өзге де қол сұғу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

4. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін қызметке қабылдау, қызмет өткеруі мен қызметтен босату тәртібі осы Заңмен, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережемен реттеледі. Қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет өткеру кезінде қызметкерлерді ротациялау жүзеге асырылуы мүмкін, оның шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережемен айқындалады.

5. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне олардың жеке басы мен өкілеттіктерін растау үшін қызметтік куәлік пен белгіленген үлгідегі жетон беріледі.

6. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкері жемісті еңбек қызметі мен ерлігі үшін сіңірген еңбегін тану белгісі ретінде мемлекеттік наградаларға ұсынылуы мүмкін.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкері қол жеткен жетістіктері үшін ведомстволық наградалармен марапатталуы мүмкін. Қылмыстық-атқару жүйесінің



ведомстволық наградаларының сипаттамасын және олармен марапаттау тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды .

*Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

**26-1-бап. Адамның қылмыстық-атқару жүйесінде қызметте болуына байланысты шектеулер**

1. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің лауазымы оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, депутаттық мандатпен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен, өзге де ақы төленетін қызметті атқарумен сыйыспайды.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне ереуілдер ұйымдастыруға және оларды өткізуге қатысуға тыйым салынады.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері қандай да болсын саяси партияда болуға және оны жақтауға тиіс емес.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерінің қызметтік парызын орындау барысында өзіне белгілі болған жеке өмірі, отбасы және жеке құпиялар немесе заңмен қорғалатын коммерциялық, банктік немесе өзге де құпиялар туралы мәліметтерді пайдалануға, таратуға құқылы емес.

*Ескерту. 26-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

**26-2-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне қолданылатын жазалар**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне мынадай тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 5) атқаратын қызметінен босату;
- 6) арнайы атағын бір саты төмендету;
- 7) қылмыстық-атқару жүйесінен шығару.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза теріс қылық байқалған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады және оны теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

*Ескерту. 26-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 Заңымен.*

**27-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің арнаулы атақтары**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне атқаратын қызметіне, біліктілігіне және еңбек сіңірген жылдарына сәйкес белгіленген тәртіппен мынадай арнаулы атақтар беріледі:

- 1) қатардағы құрам:  
қатардағы әділет қызметкері;
- 2) кіші басшылық құрам:  
әділет кіші сержанты,  
әділет сержанты,  
әділет аға сержанты,  
әділет старшинасы,  
әділет прапорщигі,  
әділет аға прапорщигі;

3) орта басшылық құрам:  
әділет кіші лейтенанты,

әділет лейтенанты,  
әділет аға лейтенанты,  
әділет капитаны;

4) аға басшылық құрам:

әділет майоры,  
әділет подполковнигі,  
әділет полковнигі;

5) жоғары басшылық құрам:

әділет генерал-майоры.

Қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлеріне арнаулы атақтар беру тәртібі заңдармен белгіленеді .

*2. алып тасталды*

*3. алып тасталды*

*Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

#### **28-бап. Еңбекті құқықтық реттеу**

Әділет органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен , Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

*Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.05.15. N 253 Заңымен.*

#### **28-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, оларды зейнетақымен және өзгедей қамсыздандыру**

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің ақшалай ризығы Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін төленетін ақшалай қаражат пен үстеме ақыны қамтиды.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің ақшалай қаражаты лауазымдық жалақыдан және арнаулы атағы үшін төленетін қосымша ақыдан тұрады.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері нысанды киім-кешекпен тегін қамтамасыз етіледі, олардың үлгілері мен тиесілік нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді .

4. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру , мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

*Ескерту. 28-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

#### **28-2-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет атқарудың ерекше жағдайлары**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет атқарудың ерекше жағдайлары деп төтенше немесе әскери жағдай режимі енгізілген, сезіктінің, айыпталушының және сотталғанның қашуы, адамдарды кепілдікте ұстауы, жаппай тәртіпсіздік, топтасып бағынбау не осылардың туындау қаупі кезінде мекеме қызметкерлерінің оларды жою үшін қажетті мерзімдегі жұмысы түсініледі.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қызмет атқарудың ерекше жағдайларындағы жұмысы үш айдан аспауы керек және демалыс күндерімен өтеледі. Қызметкерлерді қызметтің ерекше жағдайларында қызмет атқару жұмысына тартудың

тәртібі мен шекті ұзақтығы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады .

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері қылмыстық-атқару қызметі саласындағы міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қылмыстық-атқару жүйесінің кадрында қалдырылып, мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

*Ескерту. 28-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

#### **29-бап. Әділет органдары қызметкерлерін материалдық және әлеуметтік жағынан қамсыздандыру**

1. Әділет органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен бірыңғай еңбекке ақы төлеу жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Әділет органдарының қызметкерлеріне ұзақтығы күнтізбелік отыз күн болатын жыл сайынғы демалыс беріледі.

3. Әділет органдарының "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мемлекеттік қызметшілер мәртебесінен ерекшеленетін құқықтық мәртебесі бар қызметкерлерінің материалдық қамтамасыз етілуі мен әлеуметтік қорғалуы Қазақстан Республикасының заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

#### **29-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің демалыстары**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне демалысын өткізу орнына бару және қайту жолына кететін уақыты есептелмей, ұзақтығы отыз тәулік демалыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де демалыстар беріледі.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне ақы төленетін қосымша демалыс еңбек сіңірген жылдарына қарай (күнтізбелік есептеумен):

1) он жылдан астам еңбек сіңіргендерге, - ұзақтығы бес тәулік;

2) он бес жылдан астам еңбек сіңіргендерге, - ұзақтығы он тәулік;

3) жиырма жылдан астам еңбек сіңіргендерге, - ұзақтығы он бес тәулік, бірақ қырық бес тәуліктен аспайтын мерзімге беріледі.

3. Биік таулы мекендерде, климат жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерде қызмет өткеретін қылмыстық-атқару жүйесінің, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдарына қарамастан ұзақтығы қырық бес тәулік кезекті демалыс беріледі.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне кезекті, қысқа мерзімді, қосымша демалыстарының, науқастануына, жүкті болу мен бала тууына байланысты демалыстарының уақытына демалысын өткізу орнына бару және қайту жолына кететін уақыты қоса есептеліп, ақшалай үлес олардың лауазымы бойынша демалысқа шығу күніне алатын мөлшерінде төленеді.

5. Қылмыстық-атқару жүйесі білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінің курсанттарына (тыңдаушыларына) мынадай демалыстар:

1) ұзақтығы 14 тәулік қысқы каникул демалысы;

2) ұзақтығы 30 тәулік жазғы каникул демалысы;

3) оқу орнын аяқтауына байланысты ұзақтығы 30 тәулік демалыс беріледі.

*Ескерту. 29-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

**29-2-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері қаза тапқан (қайтыс болған), мертіккен немесе ауырған жағдайда берілетін кепілдіктер**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен жағдайда, оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір жолғы өтем, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға бір жолғы өтем төлеу жүргізіледі.

2. Бір жолғы өтем төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде не қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақат салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, қайтыс болған адамның отбасына соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтемақы төленеді.

4. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезіндегі жарақаты, жаралануы (контузия алуы), мертігуі, ауыруы салдарынан болған мүгедектік белгіленген кезде, оларға:

1) I топтағы мүгедекке - отыз айлық ақшалай қаражаты;

2) II топтағы мүгедекке - он сегіз айлық ақшалай қаражаты;

3) III топтағы мүгедекке - алты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтемақы төленеді.

5. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке соқтырмайтын ауыр мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) жағдайда оларға бір жарым айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде, орташа мертіккен жағдайда - бір айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде, жеңіл мертіккен немесе ауырған жағдайда жарты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтемақы төленеді.

6. Егер қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерінің қаза табуы (қайтыс болуы), жарақаттануы, жаралануы (мертігуі), ауыруы қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындауға қатысы жоқ мән-жайларға байланысты болғаны белгіленген тәртіппен дәлелденсе, бір жолғы өтемақы төленбейді.

*Ескерту. 29-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

**29-3-бап. Жерлеу шығындарын өтеу**

Қылмыстық-атқару жүйесінің қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін үш айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтемақы төленеді.

*Ескерту. 29-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

**29-4-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үйге құқықтары**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен бірінші кезекте қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінде күнтізбелік он жылдан астам қызметте болған қызметкерлер қызметтік тұрғын үйге теңестірілген өздері тұратын тұрғын үйді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекешелендіріп ала алады.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен зейнеткерлері, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің қайтыс болған қызметкерінің отбасы басқа тұрғын үй ұсынылмайынша, қызметтік тұрғын үйінен немесе қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үйден шығарылуға тиіс емес.

4. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен зейнеткерлері Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік кәсіпорындарының тұрғын үй қорынан тұрғын үймен қамтамасыз етілуі мүмкін.

5. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте белгіленетін мөлшерде ақшалай өтем алуға құқығы бар.

*Ескерту. 29-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

**29-5-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен зейнеткерлерін және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғаудың өзге шаралары**

1. Шалғай жерлерде, климат жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерде шоғырланған қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет өткеріп жүрген қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар қолданылады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің туберкулез мекемелерінде және басқа да мамандандырылған учаскелері мен мекемелерінде қызмет атқаратын қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне медицина қызметкерлерінің осы санаттары үшін заңнамада белгіленген жеңілдіктер қолданылады.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің зейнеткерлері ішкі істер органдарының тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен медициналық қызмет көрсетуді пайдаланады.

*Ескерту. 29-5-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

**30-бап. Мәжбүрлеу шараларын қолдану**

1. Осы Заңда көзделген жағдайлар мен тәртіпте жүктелген міндеттерді орындау үшін әділет органдары лауазымды адамдарының жекелеген санаттарының мәжбүрлеу шараларын, оның ішінде арнаулы құралдарды, күш және атыс қаруын қолдануға құқығы бар.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің арнаулы құралдарды, атыс қаруын және оқ-дәрілерді алып жүруге және сақтауға құқығы бар.

*Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

**31-бап. Арнаулы құралдар мен күш қолдану**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері күш және арнаулы құралдарды, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін, қолкісендерді, резина таяқтарды, көзден жас ағызатын заттарды, алдандырғыш әсері бар жарық-дыбыстық құрылғыларды, үй-жайларды ашуға, көлікті еріксіз тоқтатуға арналған құрылғыларды, су атқылағыштарды, қызметтік жануарларды, брондалған машиналар мен тізбесін Үкімет анықтайтын басқа да арнаулы және көлік құралдарын:

1) қылмыстық-атқару жүйесі түзеу мекемелерінің, ұйымдарының және органдарының аумағындағы азаматтарға, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен қылмыстық-атқару жүйесінде жұмыс істейтін өзге де адамдарға жасалған шабуылдарды тойтару;

2) кепілге алынған адамдарды босату, жаппай тәртіпсіздіктің, түзеу мекемелерінде жаза өтеудің белгіленген тәртібін топтасып бұзушылықтың жолын кесу;

3) қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріне, ұйымдары мен органдарына тиесілі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер учаскелеріне жасалған шабуылды тойтару, сондай-ақ оларды басып алудан босату үшін;

4) егер сотталғандар қашып кетуі мүмкін деп санауға жеткілікті негіздер болса, оларды айдап апару және күзету;

5) егер сотталғандар қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің қызметкерлеріне бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, олардың заңды талаптарына қасақана бағынбаса, еліре қарсылық көрсетсе, жаппай тәртіпсіздікке, кепілге адам алуға қатысса, азаматтарға шабуыл жасаса немесе өзге де осы секілді іс әрекеттер жасаса, оларды ұстау;

6) түзеу мекемелерінен сотталғандардың қашуы немесе қашқындарын ұстау кезінде құқыққа қарсы іс-әрекеттердің жолын кесу;

7) ұсталған және сотталған адамдардың айналасындағыларға немесе өзіне-өзі залал келтіруін болдырмау;

8) қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерінің заңмен жүктелген міндеттерін жүзеге асыруына қасақана кедергі келтіретін адамдардың құқыққа қарсы іс-әрекеттерінің жолын кесу үшін қолдануға құқығы бар.

2. Айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретіндей шабуыл жасаған, топтасып шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, арнаулы құралдар мен тәсілдерді әйелдерге, мүгедектіктің белгісі анық көрініп тұрған адамдарға және жас балаларға қолдануға тыйым салынады.

*Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 Заңымен.*

#### **32-бап. Атыс қаруын қолдану**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері атыс қаруын:

1) азаматтарды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, нақ сондай кепілге алынған адамдарды босату;

2) қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, ұйымдары мен мекемелерінің қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне, қылмыстық-атқару жүйесінде жұмыс істейтін адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

3) қызметтік жасаққа, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, ұйымдары мен мекемелерінің үй-жайларына, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері күзететін объектілерге шабуылды тойтару;

4) қарсылық көрсеткен не қылмыс жасау кезінде қолға түсіп қалған, түзеу мекемелерінен қашқан адамдарды, сотталғандарды ұстау;

5) егер жүргізуші қылмыстық-атқару жүйесінің жедел-іздістіру шараларын жүзеге асырушы қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбаса, көлік құралдарын оларға зиян келтіре отырып тоқтату;

6) жануарлардың шабуылынан қорғану;

7) аттандап немесе көмекке шақырып дабыл қағу;

8) сондай-ақ барлық өзге де қажетті қорғаныс пен аса қажеттілік жағдайларында қолдануға құқығы бар.

2. Қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, кепілге адамдар алған, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемесін басып алған, не топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкері қару мен арнаулы құралдар қолданған жағдайларда, айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету және жоғары тұрған әділет органдары мен прокурорға хабарлау үшін қажетті шараларды қолдануға міндетті.

4. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері арнаулы құралдар мен тәсілдер, қару қолдану арқылы зақым келтіргені үшін, егер олардың әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылса, жауапты болмайды.

5. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері қарумен, оқ-дәрілермен, әскери техникамен және арнаулы құралдармен қамтамасыз етіледі, олардың тізбесі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

*Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , 2007.03.26. N 240 Заңдарымен.*

#### **5-тарау. ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

##### **33-бап. Әділет органдарын қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету**

Әділет органдарын қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етудің тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

*Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 , өзгерту енгізілді - 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

##### **34-бап. Қорытынды және өтпелі ережелер**

1. Осы Заңның Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттар құжаттамалау мен беруді жүзеге асыру бөлігіне қатысты ережелері 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның оңалту орталықтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді орындау бөлігіне қатысты ережелері қажетті жағдайлар жасалуына қарай, бірақ 2009 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей қолданысқа енгізіледі.

*Ескерту. 34-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 , өзгерту енгізілді - 2007.03.26 N 240 , 2008.06.24 N 46-IV (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*